

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы
_____ С.К. Сыздықов
02.09.2019 ж.

ҮЛКЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Үлкен педагогикалық кеңес колледж қызметін алқалық басқарудың маңызды құралы болып табылады және оқу-тәрбие процесінің жоғары тиімділігін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

1.2. Үлкен педагогикалық кеңес қолданыстағы заңнамалық актілермен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 қазандағы № 506 бұйрығымен бекітілген және ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2015 жылғы № 643 бұйрығымен өзгерістер енгізілуімен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларымен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, колледж Жарғысына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес реттеледі.

1.3. Колледждің үлкен педагогикалық кеңесінің осы Ережесі (бұдан әрі – ереже) педагогикалық кеңестің қызмет тәртібін анықтайды.

1.4. Үлкен педагогикалық кеңесті колледж басшысы басқарады. Үлкен педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналған білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

1.5. Үлкен педагогикалық кеңестің қызметі колледж басшысы бекіткен жұмыс жоспарына, колледж жұмысының саясаты мен мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Үлкен педагогикалық кеңестің міндеттері

2.1. Колледждегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейін, колледж білім алушыларының оқытылуын, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау, колледждің оқу-тәрбие, концерттік-ағартушылық іс-шараларын жоспарлауды, ұйымдастыруды үйлестіру;

2.2. Колледжді дамытудың, әр оқытушының кәсіби шеберлігі мен шығармашылығының кешенді-мақсатты бағдарламаларын әзірлеу және талқылау, білім алушылардың тұлғасын оқыту, тәрбиелеу және

әлеуметтендіруге бірыңғай қағидатты амалдарды қалыптастыру;

2.3.Сапалы оқу-тәрбие жұмысы үшін колледж ұжымының күшін біріктіру;

2.4.Еңбек нарығының қажеттілігін, республиканың музыкалық білім беруді дамыту перспективаларын ескере отырып, кадрлар даярлау сапасын тұрақты жетілдіру үшін жағдай жасау;

2.5.Жеке тұлғаға бағытталған білім беруді және білім алушыларды тәрбиелеуді қамтамасыз ету;

2.6.Білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда құзыретті тәсілді қалыптастыру;

2.7.Оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігі мен тиімділігі мониторингінің нысандары мен әдістерін жетілдіру;

2.8.Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда шығармашылық тәсілді қамтамасыз ету, инновациялық технологиялар мен білімді жұмыстың қазіргі заманғы нысандары мен әдістерін апробациялау және пайдалану.

3. Үлкен педагогикалық кеңестің құрамы

3.1.Білім беру ұйымының үлкен педагогикалық кеңесінің құрамына: колледждің басшылық құрамы, барлық оқытушылар мен оқу-көмекші персонал, қажет болған жағдайда және келісім бойынша базалық кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдері, білім алушылар мен ата-аналар қоғамдастығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

3.2.Үлкен педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына колледж басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3.Үлкен педагогикалық кеңестің төрағасы колледж басшысы болып табылады, ол жалпы басшылықты жүзеге асырады, отырыстарда төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді.

3.4. Кеңес, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

3.5.Үлкен педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырыстарына қатысуға, оның жұмысына белсенді қатысуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауға міндетті.

3.6.Үлкен педагогикалық кеңес мүшелерінің арасынан хатшы сайланады.

4. Үлкен педагогикалық кеңестің құқықтары

4.1. Үлкен педагогикалық кеңес:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық

нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізуін (ақпараттық, модульдік, тұлғаға бағдарланған және т. б.);

3) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысты жоспарлау мәселелерін;

4) колледждің оқу-материалдық базасын дамытуды жоспарлау мәселелерін;

5) колледждің оқу-тәрбие, тәжірибелік, әдістемелік жұмысының есебі, бөлімдердің, оқу-көмекші бөлімшелердің жұмыс жағдайын;

6) басшылардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдың біліктілігін арттыру мәселелерін, біліктілікті арттырудың жаңа нысандарын пайдалануын;

7) жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды, оқытушылар құрамын даярлау, жас мамандарды колледжде оқытушылық қызметке тартуын;

8) басшы және педагог кадрларды аттестаттау және аттестаттауға даярлауды ұйымдастыру жүйесін жетілдіруін;

9) білім алушыларды қабылдау, түлектерді шығару және жұмысқа орналастыру мәселелерін;

10) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларын;

11) студенттердің педагогикалық, өндірістік және басқа да тәжірибе түрлерін ұйымдастыру және өткізу мәселелерін;

12) білім алушылардың тәртіп жағдайы, білім алушылардың үлгерімсіздігі, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны және жатақханада тұрғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жекелеген жағдайларда білім алушыны білім беру ұйымдарына қайта қабылдау мәселелерін;

13) оқу-тәрбие процесін компьютерлендірудің жай-күйін;

14) білім алушылар контингентін сақтауын;

15) білім алушылардың тұлғалық-бағдарлы тәрбиесі мен білім беру мәселелерін;

16) еңбек нарығының талаптарына және республиканың музыкалық білім беруді дамыту перспективаларына сәйкес кадрлар даярлау мәселелерін қарастырады.

4.2. Үлкен педагогикалық кеңестің қарауына, қажет болған жағдайларда, жекелеген қызметкерлердің біліктілігінің, олардың оқу орнындағы жұмысының сәйкестігі туралы мәселелер шығарылады.

Қызметі талқыланатын колледж қызметкерлері үлкен педагогикалық кеңестің отырысына қатысуға құқылы.

4.3. Үлкен педагогикалық кеңес кейіннен оларды үлкен педагогикалық кеңесте қарастыра отырып, ұсыныстар әзірлеу үшін әртүрлі бейіндегі мамандарды, кеңес берушілерді шақыра отырып, уақытша шығармашылық бірлестіктер құруға құқылы.

4.4. Үлкен педагогикалық кеңес отырысының күні туралы қызметкерлер жеті күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Үлкен педагогикалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5.1. Үлкен педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және колледж басшысымен бекітілетін жоспар бойынша жүргізіледі.

5.2. Үлкен педагогикалық кеңес колледж басшысы белгілеген мерзімде, бірақ кемінде екі айда бір рет жиналады. Үлкен педагогикалық кеңестің отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімдері мен орындауға жауапты адамдар көрсетілген шешімдер шығарылады.

5.3. Үлкен педагогикалық кеңестің шешімдері қарапайым дауыс беру арқылы қабылданады және оларды басшы бекіткеннен кейін күшіне енеді. Дауыстар саны тең болған жағдайда кеңес төрағасының (колледж басшысының) дауысы шешуші болып табылады.

5.4. Үлкен педагогикалық кеңестің өкілеттіктеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылданған шешімдер колледждің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

5.5. Үлкен педагогикалық кеңестің төрағасы (басшы) қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастыруы және тексеру нәтижелерін үлкен педагогикалық кеңестің талқылауына қоюы тиіс.

5.6. Үлкен педагогикалық кеңестің отырыстары хаттамамен (баспа түрінде) ресімделеді. Хаттамаға үлкен педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.7. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысушылардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Сөз сөйлеулер мен талқыланып отырған мәселе бойынша қабылданған шешім нақты және жан-жақты жазылады.

5.8. Үлкен педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары білім беру ұйымының істер номенклатурасында тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады және білім беру ұйымының істерін қабылдау және тапсыру кезінде акт бойынша тапсырылады.

6. Жауапкершілік

6.1. Үлкен педагогикалық кеңес:

- 1) жұмыс жоспарын орындауға;
- 2) қабылданған шешімдердің білім беру қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;
- 3) жауапты тұлғаларды және орындау мерзімдерін көрсете отырып, әрбір қаралатын мәселе бойынша нақты шешімдер қабылдауды қамтамасыз етпе жауапты.